

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Күншуақ» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Айгөлек» ересек тобы, 25 бала				
Балалардың жасы	4- жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Дүйсенбаева Меир, Тұрдықұл Батпа				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	05.09-09.09.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	05.09.2022	06.09.2022	07.09.2022	08.09.2022	09.09.2022
Күн тәртібі	8:00 – 18:30	8:00 – 18:30	8:00 – 18:30	8:00 – 18:30	8:00 – 18:30
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-				

әңгімелесу, кеңес беру	қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсаты: өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.	"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту". Мақсаты: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.	"Өсімдіктерді тамақтандыру". Мақсаты: балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екендігі туралы, біртіндеп өсімдіктерге қоректік заттар бере отырып, топырақ таусылатындығы туралы балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктерді тамақтандыру қажеттілігі туралы айту. Өсімдіктерді қалай тамақтандыру керектігін көрсетіңіз.	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсаты: балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру.	"Оқу қызметіне дайындық". Мақсаты: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажет болса, оларды сабақтан кейін орнына жинау.
	Үстел үсті ойыны: «Ойық ішіндегі	Ойын: «Көліктер». Мақсаты: көлік	Құрылыс ойындары «Үй	«Жұбын тап». Мақсаты:	Үстел үсті ойыны – пазл: «Қайсысы

	заттарды орналастыру». Мақсаты: балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Ата-әжемнің әндері. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [а], [ә] дыбыстары. Мақсаты: балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақпен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу қасиеттерін түсіндіру, [А], [Ә] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Артикуляциялық	түрлерін ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Тазы". Мақсаты: үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Иттің тамағын тап".	құрастырамыз». Мақсаты: балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады.	Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жеміс-көкеніске байланысты текшелер. Ойынның барысы: ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді.	отбасы мүшесі?» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.
--	---	---	--	--	---

	жаттығулар. [А], [Ә] дауысты дыбыстары.				
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында				

	Тып-тыныш боп отырамыз!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Аспанда күн ыстық. Ал жерде кім ыстық? Әке мен шешеміз Бәрінен тым ыстық! Жасасын туыстық, Достық пен тыныштық. Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.	Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, еремін! Отбасы мүшелері жайлы, отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу.	Сәлем! Сәлем! Сәлем! Қалын қалай? Сәлем! Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз. (Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды). Әкесі мен анасы қандай қызметте, олар немен айналысатындары жайлы, қалай еркелететіндері жайлы, не үйрететіндері жайлы әңгімелесу.	«Амансың, алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! Дөңгелене кілемге жайғасады, бәрі бірге қайталайды. Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні жайлы әңгімелесу.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да , аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! Бауыры мен апайы, іні мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	Дене шынықтыру "Достар жұптары". Мақсаты: балаларды	Музыка "Балабақша әніміз". Мақсаты: балаларды	Дене шынықтыру "Бір-бірден қатарға тұру".	Музыка "Біздің балабақшада ойыншықтар көп"	Дене шынықтыру "Қатардан қалма". Мақсаты: балаларды

ұйымдастырылған іс-әрекет	допты жоғары лақтыруға үйрету. "Баскетбол" қимылды ойыны.	балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету.	Мақсаты: балаларды бір-бірден қатарға тұруға үйрету. "Күнді ұтып алайық" қимылды ойыны.	Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу	сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруге үйрету. "Кедергілерден өт" қимылды ойыны.
---	--	--	--	---	---

				қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы» музыкалық-дидактикалық ойыны.	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. 1. Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. Мақсаты: құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға деген қамқорлық сезімдерін ояту. 2. Ересек адамдармен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Жаңбырды бақылау.</i> Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. (Жаңбыр) Бақылау: жаңбыр	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Бұлтты бақылау.</i> Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) Көзі жасты – жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса,	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Өрмекші мен өрмекті бақылау.</i> Жұмбақ. Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (Өрмекші)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Өзенді бақылау.</i> Жұмбақтар. Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен) Бет көрсететін айнама, тауып алдым сайдан. (Ағын су) Бақылау: өзенде болатын маусымдық

орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару). Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. 3. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3 рет). Мақсаты: бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру. 4. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралптастарымен қарым-қатынасқа	кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. Қимылды ойын: «Кең қадам». Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан	құлайды. (Бұлт) Бақылау: балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Қимылды ойын: «Кең қадам». Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту. Үлкендерге қысқа	Бақылау: өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екендігін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. Қимылды ойын: «Маймылдар». Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуға үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету. Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға	өзгерістерді бақылап және атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзен – табиғаттың негізгі ресурсы екендігін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тәжірибе. Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Қорытынды. Ауыр заттар батып, жеңілі су бетіне шығады. Қимылды ойын: «Жылға арқылы». Екі түзу сызықтан қос аяқтап секіруді қалыптастыру. Сабақ барысында үйренген әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға үйрету.
---	---	--	--	--

	түсе білуін қалыптастыру.	шығасың). Еңбек: гүлзардағы жерді копсыту. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті ұжыммен жасауы.	дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы.	тәрбиелеу. Еңбек: «Өрмектеп жинау». Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау, қабілетін дамыту. Өз бетімен ойындар ойнау. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	Еңбек: «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру». Тапсырманының маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы көзқарастарын кеңейту. Өз бетімен ойындар ойнау: Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуға үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	"Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға				

	бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Шкафқа не жиналғанын санайық". Мақсаты: балалардың әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Үстел үсті театры. «Менің балабақшам» т. б. тақырыптарда сюжеттік суреттер қарастыру.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Атай". Мақсаты: балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауға үйрету. Дидактикалық ойын: "Өз отбасыңды құрастыр". Сюжетті-рөлдік ойын. «Қуыршақты тамақтандыр». Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар.	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Әжем пісірген піспенанды безендірейік". Мақсаты: балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту. Логикалық ойын. "Саны тең гүлдерді табайық". «Қуыршақты жуындырамыз» ойын жаттығулары; альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру; ірі	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Отбасы шежіресі". Мақсаты: балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: "Туыстық атауларды ажырат". «Кімнің заттары?» ойыны (жақын адамдарына тиесілі заттарды тауып айту). Боямақтар, пазлдар, мозаикалар және т.б.	Жапсырудан ойын-жаттығу. "Менің әжем". Мақсаты: балаларды көлемі үлкен шеңберден әженің басын, жартысы кесілген шеңберден әженің денесін қағаз бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп әженің шашын жапсыруға үйрету. Сюжеттік ойыншықтармен ойнау, Ертегі оқу; Үстел үсті театры Вариативті компонент. Ағылшын тілі

			құрылыс материалдарымен ойындар.		"Hello. Greeting". Мақсаты: Hello. What`s your name? тақырыбымен таныстыру, осы тақырыпқа байланысты жаңа лексикалық бірліктерді үйрету. Didactic game "Magic microphone".
Балалармен жеке жұмыс	Тапсырма: суреттерді мұқият қарап шық. Барлық заттарды есінде сақтауға тырыс. Кітапты жауып, суретте не салынғанын айтып бер.	Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?" Мақсаты: күз мезгілі кезіндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер таратады. Осы суреттердің ішінен бала, күз мезгіліне	Дидактикалық ойын. "Жамауын тап". Мақсаты: балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады, және сурет бөліктері бейнеленген	Театрды сахналау. "Үйшік" ертегісін сахналау.	Дидактикалық ойын "Жанды және жансыз табиғат". Мақсаты: балалардың тірі және жансыз табиғат туралы білімдерін жүйелеу.

		байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы, "Күн бұлттардың артында жасырынып тұр".	домалақтарды таратады. Балалар суреттегі жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады.		
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Серуенде қалай серуендейміз?" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру. Теартлық қойылымдар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау.	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	«Тез тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	«Үйде балаларға арналған жиһаз» атты сұрақ-жауап.

